СБО

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

1'2004

ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ

УДК 894,342-1.09

М. Ж. КӨПЕЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ӨЛШЕМ

Р.Т. Сабырханова
С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Мақалада М.Ж.Көпеев шығармаларындағы халықтық өлшем мәселесі сөз етіледі. Ұлттық өлшем, яғни метрология жайы арқау болады.

В статье рассматривается народная метрология в произведениях М.Ж.Көпеева.

Folk metrology described in the literary works of M.Zh.Kopeev is observed in the article.

Мәшһүр Жүсіптің есімі халық ішінде кең таралуы оның жалғыз ақындығы ғана емес, сонымен қатар халық ауыз әдебиеті үлгілерін көңірек қамтып, оны қағазға түсіруінде, қазақ тарихын зерттеуінде.

М.Ж.Көпеев қазақ тілі туралы, болашағы жөнінде де өзіндік пікірін білдірген. Ол: «Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ... Сол ата- бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым да осында, әулиелік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті», - деп құнды пікір айтты [«Ана тілі» газеті, №22. 1992]. Қазақ халқы революцияға дейін ұзақ уақыт көшпенділік дәуірді басынан өткізгендігі белгілі. Олар жаз жайлауда, қыс қыстауда, күз күзекте бірден-бірге көшіп-қонып жүргенде уақыт мерзімін, ұзындық пен көлемді қалай өлшеп білген деген заңды сұрақ туады. Сол заманда біздің халқымыз уақытты сағатпен, көлем мен салмақты таразымен, ұзындық пен кеңістікті метрмен өлшеуге әлі онша дағдыланбаған, үйренбеген кезі еді. Бәлкім, сол кезде бұл өлшемдердің көшпенділік тұрмысқа сәйкалықты қажеті де болмаған шығар. Қалай дегенмен сол заманның тұрмыс-тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі өлшемдік ұғымды білдіретін қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері арқылы танып білуге болады. Сол заманның өзінде қазақтар сағатты нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат деген уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен, секунд деген ұғымды қас-қағым, кірпік қақканша, көзді ашып-жұмғанша, табан аузында деп,- дене мүшелерінің қимыл-қозғалысы арқылы білдірген. Минут пен сағатты біле сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен

білдірген. Сол тәрізді уақыт-мерзім өлшемдері, көлем өлшемдері, ұзындық, қалыңдық, тереңдік өлшемдері деп бірнеше топтарға жіктеуге болады. Кеңістік ұғымдарын білдіретін тіркестер М.Қашқари сөздігінде де кездеседі. Оны жинап, топтастыру, М.Ж.Көпеев туындыларындағы өлшемдермен салыстыру – алда тұрған негізгі міндеттің бірі. Алайда, сөздіктен бір-екі нақты мысалдар келтірер болсам, бір қарыс мағынасын білдіретін «бір қарыш» тіркесі бар.

Бір өкүм мүн-бір өбім сорпа – бір ұрттам сорпа.

Бір ағым иер – бір адым жер – бір аттап үстіне шығуға болатын жер. Ендеше, халықтық метрология негіздерін әріден қарастырған жөн.

Халықтың өлшем бірліктері туралы зерттеушілер еңбегіне келетін болсақ, қазақ әдеби тіліне қатысты еңбектерде, атап айтқанда, К.Ахановтың «Тіл білімінің негіздері», М.Балақаевтың «Қазақ әдеби тілінің тарихы», Ә.Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілі» кітаптарында біраз сөз болады. Е.Жанпейісов, С.Жанпейісова, Ж.Ахмедовалардың да осы тақырыпқа жазған еңбектері бар.

В.Хинц «Мусульманские меры и веса с переводом в метрическую систему», Е.А.Давыдович «Материал по метрологии средневековой Средней Азии», Ж.Ахмедованың «Казахские народные наименования понятий об измерениях» тақырыптарындағы ғылыми еңбектері этнолингвистика саласындағы қомақты еңбектер қатарына жатады. Ұлттық салт-дәстүрге, халықтық қағидаларымызға ден қойып отырған дәл қазіргі тұста ұлттық өлшем хақында ой қозғап, ізденістер жасаудан ұтарымыз айқын.

Қазақ әдеби тілінің дамуына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қосқан үлесі зор. Тілдің лексикалық қабаттарын қамти отырып, зерделі ақын өзі өмір сүрген кездегі әлеуметтік жағдайдың сырын жайып салған. Ішкі мүн-шерін өленмен шерте отырып, жуандардың кемшіліктерін бетке басқан, халқын өнер-білімге үндей отырып, көп жасаған, көпті көрген абзал жан өткен-кеткен өмір жолына барлау жасайды.

Тіліміздің байлығы сөз санымен ғана емес, оның сапасымен, мағына тереңдігімен, ауқымдылығымен де өлшенеді. Сөздік қордың, ана тіліміздегі сөздік құрамның толыға түсуіне де М.Ж.Көпеевтің сіңірген еңбегі орасан. Халықтық метрологияның ақын еңбектерінде қалай көрініс тапқандығы жайындағы ойымызды нақты мысалдар төңірегінде өрбіту – мақалада алға қойылған негізгі мақсат. Ертеректе шығыс халықтарында, оның ішінде қазақтарда да дәстүрлі халықтық метрологияда ұзындық өлшемдері ретінде адамның дене бөліктерінің өлшемдері негізге алынатын болған. Бұл өлшем бірліктері: елі, тұтам, қарыс, сүйем, құлаш, кез.

Әркайсысының мағынасын аша кетер болсақ, елі – адамның бармағының ені, арпаның алты дәнінің еніне тең болады.

Тұтам – алақанның, таяқ немесе арқанды ұстап жұмылған жұдырық еніне өлшемі.

Қарыс - бас бармақ пен шынашақтың арасының өлшемі.

Сүйем – бас бармақ пен сұқ саусақ арасының өлшемі.

Құлаш – екі жаққа созылған қолдың бас бармақтарының арасының ұзындығы.

«Кез» өлшем бірлігінің 3 түрі бар: 1. Қолдың ұзындығымен өлшенетін кез – созылған қолдың бармағының ұшынан иыққа дейінгі аралық. 2. Елімен өлшенетін кез – 24еліге тең. 3. Тұтаммен өлшенетін кез. Тілдік деректер қазақтарда жақ пен оқтың өлшемі тұтаммен және кезбен өлшенгенін көрсетеді. Мәшһүр бабамыз үлгі-өнегеге толы өлеңдерінде халықтық өлшемдерде кең көлемде қолданылғанын мына мысалдар негізінде дәлелдеуге болады:

Даярлап күнде алдынан қақпан торын,
Шығырау ғып сексен құлаш қазған орын.
Құранды қор, моланы бордай қылып,

Тырысты сөндіруге ислам нұрын. (Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі)

Оңтүстік қырық кез жерде Зәмзәм-Шәріп,
-Су іштік тоя,-дейді,- сонда барып.
-Шомылдық, төбемізге құйдық,-дейді,
-Еркімізше кенелдік ракаттанып, немесе

Байтолла – айналасы – тастан қорған,
Әр жерде бір-бір сын тас – қада тұрған,
Есіктің биіктігі үш кез жерде
Сөйлесем бір күн, бір түн, айтып болман! («Ғзбас қажы» Шығ. Жин. Iтом)

Өзіне бұйым емес оны-мұның,
Бойына шақ келмейді айтқан шының,
Тақтайдан жуан елі көпір жасап,
Астында шалқасынан жатты сонын. (Қажымұқан» Шығ. Жин. Iтом)

Оралдан кашкан ор түлкі,
Өрлей кашса ит жетпес.
Тегеуріні төрт елі,
Аспаннан түскен тас түлек,

Жерге түссе тек кетпес. (М.Ж.Көпеев жинаған ауыз әдебиеті үлгілерінен, II том)

Ақын халықтық өлшемді білдіретін сөздерді қолдана отырып, халық шаруашылығына, күн көрісіне, тұрмысына, негізгі кәсібіне тікелей қатысты заттар мен құбылыстардың атауы ретінде қолданған. Қадам – адамның жүру кезіндегі екі аяғының аралық қашықтығын танытатын өлшем болса, батпан - өткен ғасырларда шығыс елдерінде қолданған ең үлкен салмақ өлшемі. Бұл салмақ өлшемі қазақ ауыз әдебиетінде де, жазба деректерде де жиі айтылады.

XIX ғасырда Орта Азия мен Қазақстан территориясына орыстың «пуд» салмақ өлшемі қолданысқа еніп, соған сәйкестендірілген бір батпан өлшемі он пұт, яғни 170 кг болып есептелген. М.Ж.Көпеев мұраларынан мысал келтіретін болсақ,

Ерінсең Омбы, Семей баруына,
Сол бөксең ауыр батпан шойындағы.
Азабың арылмайды бойындағы.
(Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі)

Бір қадам аяғыңды теріс баспа,
Керек қып өтірік сөзді құлаққа аспа.
Бейнетің бұл жалғанның іздемесең,
Ісіне басқалардың араласпа. немесе

Көзін сал басқаларға жақсы, жаман,
Ұнай ма қылып жүрген ісі саған?
Көңілге ұнамаса, қылған ісі,
Бір қадам сен де соған баспа табан.
(Кедей болар кері кеткен, үйқысы мол.)

Орамал кір боп жатар он бес батпан,
Бұрқырап түске дейін үйықтап жатқан.
Асының бар дәмдісін өзі ішіп,
Семіріп әр мүшесін жуандатқан.
(Кедей болар кері кеткен, үйқысы мол.)

Адамдарды еңбекке, өнер-білімге шақыра отырып, халықтық өлшемді білдіретін сөздерді орны-орнымен қолданған. «Қадам» өлшем бірлігін көбіне теріс қасиеттерден бойды аулақ ұстау қажеттілігін ескертететін жырларында жиі пайдаланған. Әрекетке баға беріп, адам өзі атқарған жұмыстарына баға беріп отырудың

қажеттілігін тілге тиек етеді. Жалған сөз, теріс қылықтардан қашық болу жайын алға тартады;

Халықтық өлшемнің бір түрі – уақыт өлшемі. Уақыт өлшемдері ұғымдары да бірден пайда болмаған. Бұл ұғымдар мен олардың атаулары жоқ кезінде белгілі бір іс-әрекеттің белгілі мерзім ішінде өтуі немесе белгілі бір мезгілде басталуы уақыт өлшемі ретінде пайдаланған. Мезгілдік мағынаны білдіретін: бие сауым, шай қайнатым, ет асым, күн аркан бойы көтерілгенде, ел орынға отырғанда т.б. сөз тіркестері. Бұлар қазірде көбіне фразеологиялық оралымдар ретінде қолданылады. Кеңістік өлшемдері тілде кез келген заттар мен құбылыстардың атаулары емес, сол тілді қолданушы халықтың шаруашылығына, күн көрісіне, тұрмысына, негізгі қәсібіне тікелей қатысты ұғымдар мен атаулар кеңістік өлшемдеріне негіз етіп алынып, ат шаптырым жер, қозы көш жер, таяқ бойы қар жауса тәрізді тұрақты сөз тіркестері пайда болып, кеңістік өлшемдері ретінде танылған.

Аз, кішкентай ұғымдарын білдіретін бір жұтым, бір ұрттам, бармақтай, иненің жасуындай, биттей, титтей, бір шайнам, бір тілім, бір қадақ, бір қасықтай тәрізді өлшемдік ұғымды білдіретін сөздер, сөз тіркестері де М.Ж.Көпеев туындыларында орын алып, заттар мен құбылыстардың өлшемдік ерекшеліктерін танытады. Нақты мысалдар келтіретін болсақ:

Онда бар хақ жаратқан екі мәсдар
Маседары наху сарыфтың болмайды астар.
Берсең де, дүние малын құны жетпес,
Бармақтай қаралдысы – жамбы тас бар.
(«Бір үйге» өлеңінен)

Мұныменен онайын қайда барсам,
Бұл күйменен не болам, өліп қалсам?!
Бар денемде бармақтай адалым жоқ,
Ішіп-жеген нәрсемнен есеп алсам.
(«Мінілмеген көлік»)

Шайнам ақыл жоқ титтей, не еткен бассың?!
Жеп етің жоқ, ит тиген арам ассың!
Жұрт ойнаса тақтайдың бетіндесің,
Ойнамаса қалтада қалған тассың.
(Мәшһүрдің алпыс сегізінде сөйлегені)

Қақ жолдан адасқанға нәпсі қалып,
Әйтеуір бірі жеңер барып-барып.
Иненің жасуындай қасиет жоқ,
Жоғалар өзін-өзі жоғары алып.ъ

Күн ыстық әуе айналып жерге түскен,
Таңсық боп бір жұтым су көкей кескен
Армансыз болар едім,- деп шуласып
Бір ұрттам мөлдір тұнық судан ішсем!

Ер Қалы қаһарманды анасына,
Бір жұтым су бермеді баласына
-Тезірек оңды соқ! – деп әмір қылды,
Етінің қамшы керек жарасына.
(«Әбушақыма»)

Басылған құдіреттен мәр таңдайымда,
Бармысың бармақтай бақ, маңдайымда?
«Таң атты, күн шықты!»-деп жұрт шулайды,
Япырым-ау, нанайын ба, нанбайын ба?
(Нанайын ба?!)

Десеңіз бұл қай тесік өлім жолы
Тұрсың ба көзі барың көрмей соны
«Өлім жолы иненің көзіндей»,-деп,
Аятпенен айтып тұр құранда оны.
(«Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабынан)

Мұныменен оңайын қайда барсам,
Бұл күйменен не болам, өліп қалсам?!
Бар денемде бармақтай дәлелім жоқ,
Ішіп-жеген нәрсемнен есеп алсам.
(«Жыл он екі ай»)

Сен түспейтін парсы мен араб тіліне,
Ерегессең, ерегес, білме-білме!
Көбелектен жоқ биттей бөтендігі
Халық қатары жаралған қазақ тіліне?!
(«Сәйгелді, сона, бөгелек туралы).

Халықтық өлшемдік ұғымдарды білдіретін сөздерді қолдану арқылы Мәшһүр бабамыз мұраларының ұлттық ерекшеліктеріне терең-рек үңіле түсуге болады. Мақаланың басында айтып өткендей, халықтық метрология түрлері көп. Алдағы уақытта дана бабамыз М.Ж.Көпеевтің үлгі-өнегеге толы асыл жыр әлемінен ұлттық өлшемдердің жарқын мысалдарын жинақтау – алға қойған негізгі мақсатымыз. Онын үстіне, халықтық өлшем тақырыбы тіліміздe кең көлемде қолға алына қоймаған, аз зерттелген мәселенің бірі. Осы мәселеге теніздегі судың тамшысындай үлес қоссақ, мақсат-міндеттеріміздің орындалғаны.

ӘДЕБИЕТ

1. Ахмедова Ж.Ш. Казахские народные наименования понятий об измерениях. Автореф. дисс. на соискание уч.степени канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1975. с.23.

2. Хинц В. Мусульманские меры и веса с переводом в метрическую систему. Е.Давидович., Материалы по метрологии средневековой Средней Азии. М., Наука. Главная редакция восточной литературы. 1970. с.63-64. 110-116.

3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лүғат – ит - түрк) 3 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Хант, 1997.

4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Қазақ ССРнің «Ғылым» баспасы, Алматы, 1984.

5. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің лексикологиясы. Алматы, Мектеп, 1988.

6. Түрышев А.Қ. М.Ж.Көпеев шығармаларының тілінің кейбір мәселелері. Павлодар, 2002.

7. Көпеев М.Ж. Таңдамалы. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, Ғылым, 1990.